

**Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

*Астана қаласы
Формат: Онлайн*

2025 жылғы 31 желтоқсан

Төрағалық етті: А.Болатжан – Қоғамдық кеңестің төрағасы

Қатысқандар: ҚР ЖИЦДМ Ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаменті директорының орынбасары А. Сеитов, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Бөлек есепке алу және тариф қалыптастыру департаментінің директоры М. Алибеков, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның AI бойынша басқарушы директоры А.Сайланбаев, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Government Workspace департаментінің аға жоба менеджері Б. Шайкенов, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның AI департаментінің деректер аналитикасы жөніндегі менеджері Д. Галиев, Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері.

Күн тәртібі

1. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы көрсететін қызметтерге тарифтер туралы тыңдау.

Қызметтер бойынша тарифтер туралы ақпарат тыңдалып, назарға алынды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ:

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-қа 2026 жылғы 9 қаңтарға дейін:

1. Ашықтықты қамтамасыз ету және қоғамдық пікірді ескеру мақсатында, көрсетілетін қызметтер тізбесін бекіткенге дейін тарифтер жобаларын Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарауына ұсыну;

2. Көрсетілетін барлық қызметтер бойынша тарифтердің жоғары деңгейдегі есеп-қисаптарын Қоғамдық кеңеске ұсыну;

3. Ақпараттық жүйе «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның теңгеріміне қабылданған жағдайда, техникалық қолдауды «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның өз күшімен жүзеге асыру құқықтылығы туралы ақпарат ұсыну.

Ал ақпараттық жүйе сатып алынбаған және теңгерімге қойылмаған жағдайда, шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпаратты, соның ішінде платформалар мен бұлтты құжат айналымы мәселелері бойынша түсіндірме жазбаны ұсыну;

4. Тамақтану мен рецепттерге байланысты шығыстар бұрын бекітілмеген жағдайда, шешім қабылдау үшін егжей-тегжейлі ақпарат ұсыну.

Қоғамдық Кеңес төрағасы

А. Болатжан